

"Байқоңыр" ғарыш айлағының құрылыс кешенін қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қазан 1993 ж. N 1018

"Байқоңыр" ғарыш айлағының қызметін және Ленинск қаласының тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Азаматтық құрылыс ұйымдарының құрылымы жасалғанға дейінгі өтпелі кезеңде "Байқоңыр" ғарыш айлағында Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери-құрылыс басқармасын жасақтауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Байқоңыр" ғарыш айлағының Бас әскери-құрылыс басқармасында қызмет атқарып жүрген офицерлерді "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери құрылыс басқармасының құрамында одан әрі қызмет атқару үшін белгіленген тәртіппен іссапарға жіберсін;

"Байқоңыр" ғарыш айлағы Бас құрылыс басқармасының қазан - желтоқсанда запасқа шығарудан кейін қалған мерзімді қызметтегі жеке адам құрамын (2500 адам) 1993 жылдың күзіндегі жасақтаудың квотасы есебіне Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери құрылыс басқармасында қызмет атқаруы үшін беретін болсын;

өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің офицерлері құрылатын әскери құрылыс басқармасының әрбір бөлімшесіне командирлердің жеке адам құрамымен жұмыс жөніндегі орынбасарлары қызметін атқаруға іссапарға жіберіліп, оларға Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі тиісті құрылымдарының нормалары бойынша ақшалай үлес төленсін;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "Байқоңыр" ғарыш айлағының Бас әскери-құрылыс басқармасы таратылып, әскер бөлімдері толық құрамында Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери-құрылыс басқармасына берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, "Құрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясының қатысуымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің Бас әскери-құрылыс басқармасын тиесілі негізгі қорлар, базалар, әскери қалашықтар мен басқа мүлікті 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін Ресей Федерациясы қорғаныс министрлігінің әскери-құрылыс басқармасына уағдаластық шарттармен жалға беріп, ал құрылыс және жанар-жағар май материалдарын, құрылыс техникасының қосалқы бөлшектерін - ақысына беретін болсын.

Объектілер қосымшаға сәйкес "Байқоңыр" ғарыш айлағының Бас әскери-құрылыс басқармасының мүлкін беру тәртібіне сай кезең-кезеңмен берілетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 12 қазандағы
N 1018 қаулысына
қосымша

"Байқоңыр" ғарыш айлағы Бас әскери құрылыс

басқармасының мүлкін берудің тәртібі туралы

"Байқоңыр" ғарыш айлағының таратылатын Бас әскери-құрылыс басқармасының жылжитын және жылжымайтын мүлік, негізгі қорларын Ленинск қаласының әкімшілігіне берудің кезеңдері мен көлемдері:

1 кезең - 1993 жылғы 1 қарашаға дейін

1. 85773 әскери бөлімнің мүлкі
2. 83340 әскери бөлімнің мүлкі (келісілген көлемдегі техника)
3. 86714 әскери бөлімнің ғимараты
4. 71051 әскери бөлімнің мүлкі (555 жөндеу-механика зауыты)
5. 18503 әскери бөлімнің автокөлігі (келісілген көлемде)
6. Орталық жанар-жағар май қоймасы

Мүлікті беруші ұйымдардың есебіндегі құрылыс материалдары, қосалқы бөлшектер, арзанқол және тез тозатын заттар ақысына беріледі.

7. "Долина" құрылыс материалдарын сақтау базасы.

Ленинск қаласындағы, сондай-ақ мәрелік және техникалық кешендердегі құрылысы басталған тізімдегі объектілерге, арналған "Долина" базасындағы құрылыс материалдары, конструкциялары, жабдықтар тиісті объектілердің құрылысын жүргізуші мердігерлік ұйымдарға ақысына беріледі.

II кезең

Қазіргі құрылыс кешенінің жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, негізгі қорларын концернге одан әрі тапсыру концерн құрылыс ұйымдарының жасақталуына қарай оның даму келешегі ескеріліп, концернге тапсырылатын күрделі құрылыстың көлемі негізінде жүзеге асырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК